

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында оның болу шарттары туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 5 ақпандағы № 52 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында оның болу шарттары туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі Юрий Викторович Ильинге Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында оның болу шарттары туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 5 ақпандағы
№ 52 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында оның болу шарттары туралы келісім

Бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, бұдан әрі "Қазақстан тарапы" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және бұдан әрі "Орталық" деп аталатын Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталық 2013 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталықты құру туралы келісімді (бұдан әрі – Орталықты құру туралы келісім) басшылыққа ала отырып,

Орталықтың өз мақсаттары мен міндеттерін орындауы үшін Қазақстан Республикасының аумағында қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге ниет білдіре отырып,

халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар Орталықты құру туралы келісімде айқындалған мағыналарға ие.

2-бап

Осы Келісім Орталықтың Қазақстан Республикасының аумағында болу және жұмыс істеу мәселелерін реттейді.

3-бап

Орталық заңды тұлға мәртебесіне ие және заңды тұлға ретінде осы Келісімге сәйкес Орталықтың артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірмей, Орталықты құру туралы келісімге, Орталық туралы ережеге, осы Келісімге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтарды пайдаланады және өз функцияларын орындайды.

4-бап

Орталықтың мүлкі мен активтері әкімшілік немесе соттың араласуының кез келген нысанынан иммунитетті пайдаланады.

Орталықтың үй-жайлары мен көлік құралдары, сондай-ақ оның архивтері мен құжаттары, оның ішінде қызметтік хат-хабарлары олардың қай жерде орналасқанына қарамастан, тінтуге, реквизициялауға, тәркілеуге және Орталықтың қызметіне кедергі келтіретін кез келген басқа да нысандағы араласуға жатпайды.

Қазақстан тарапы Орталықтың үй-жайларын кез келген басып кіруден немесе нұқсан келтіруден сақтау және қорғау жөніндегі тиісті шараларды қабылдайды.

Орталықтың үй-жайлары мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес қудаланатын немесе Орталықты құру туралы келісім Тараптарының кез келген мемлекетіне немесе үшінші мемлекетке берілуге тиіс адамдар үшін баспана бола алмайды.

5-бап

Орталықтың ресми пайдалануына арналған мүлік пен заттар тыйым салулар мен шектеулерді сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды сақтағаны үшін алымдарды қоспағанда, кедендік баждардан босатылады.

Пайдалану құқығын сатуды және беруді қоса алғанда, жалпы қағидалардан тыс әкелінетін мүлік пен заттарды өзге мақсаттарда пайдалану кедендік төлемдерді төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтық салдарға алып келеді.

6-бап

Орталық курьерлік және ақпарат берудің қорғалуын қамтамасыз ететін басқа да байланыс түрлерін пайдалануға құқылы. Орталықтың курьерлер немесе вализалар арқылы хат-хабар алуға және жөнелтуге құқығы бар.

Курьер оның мәртебесі мен қызметтік хат-хабарды қалыптастыру орындары көрсетілген ресми құжатпен жаракталуы тиіс.

7-бап

Орталық өзінің міндеттері мен мақсаттарына сәйкес баспа өнімдерін шығарып, тарата алады.

8-бап

Қазақстан тарапы Орталыққа үй-жайды оның жұмыс істеуінің бүкіл кезеңіне өтеусіз пайдалануға береді.

Үй-жайдың мекенжайы мен оны беру шарттарын айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалатын азаматтық-құқықтық сипаттағы жеке шарттың негізінде жүзеге асырылады.

9-бап

Орталық коммуналдық, коммуникациялық қызметтерді өз қаражаты есебінен төлейді.

Коммуналдық, коммуникациялық қызметтерді көрсету кезінде толық немесе ішінара іркілістерге алып келетін форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде Орталық өз функцияларын орындау мүддесінде шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктеріне ұсынылатын басымдықты пайдаланады.

Коммуналдық қызметтердің уәкілетті өкілдерінің Орталықтың үй-жайларында қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндігі болуы үшін Орталық тиісінше шаралар қабылдайды.

10-бап

Қазақстан тарапы Орталықтың лауазымды адамдары функцияларының халықаралық сипатын құрметтеуге және олардың өз қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға ықпал етпеуге міндеттенеді.

11-бап

Орталықтың лауазымды адамдары мен олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес автокөлік құралдарын пайдалануға байланысты азаматтық құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырады.

12-бап

Орталық Қазақстан тарапының атынан оның Сыртқы істер министрлігіне Орталықтың лауазымды адамдарының тектері мен лауазымдарын, сондай-ақ олардың лауазымдық мәртебесінің кез келген өзгерісі туралы хабарлайды.

Қазақстан тарапы Орталықтың ресми өтініші бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын Орталықтың лауазымды адамдарына, сондай-ақ

олардың отбасы мүшелеріне олардың мәртебесін растайтын аккредиттеу карточкаларын береді.

13-бап

Орталықтың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасын құрметтеуге және оның ішкі істеріне араласпауға міндетті.

14-бап

Осы Келісімді қолданумен немесе түсіндірумен байланысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

15-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар оның ажырамас бөлігі болып табылады және осы Келісімнің 16-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

16-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және Орталық оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Қазақстан тарапының орындағаны туралы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Орталықты құру туралы келісімнің қолданысы тоқтатылған күннен бастап өзінің қолданысын автоматты түрде тоқтатады.

20__ жылғы " __ " _____ қаласында қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Төтенше жағдайлар және
дүлейізалалардың қауіп-қатерін
азайту жөніндегі
орталық үшін*